

**"Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы"
Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №280-53/4
шешіміне өзгеріс енгізу таралы**

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 349-62/7 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 маусымда № 7537 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 1 қарашадағы № 199-28/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 01.11.2024 № 199-28/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 280-53/4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7054 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне 2019 жылғы 31 желтоқсанда жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен айқындалған Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерінде:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу тәртібі Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі "Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін бекіту туралы" № 226 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 20498 нөмірімен тіркелген) сәйкес уәкілетті органмен отбасының (азаматтың) жиынтық табысы тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға есептеледі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихатының кезекті XXXXXXII
сессиясының төрағасы Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы

Р. БУХАНОВА

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК